

**Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Астана қаласының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы**

Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 18 наурыздағы № 112-754 қаулысы. Астана қаласының Әділет департаментінде 2025 жылғы 18 наурызда № 1406-01 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабы 1-тармағының 20-4) тармақшасына сәйкес Астана қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Астана қаласының спортшыларына, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшерін бекіту туралы" Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 112-2072 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1294 болып тіркелген) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. "Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін оның Астана қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.С. Мейірхановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Астана қаласының әкімі

Ж. Қасымбек

Астана қаласы әкімінің  
2025 жылғы 18 наурыздағы  
№ 112-754 қаулысына  
қосымша

**Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) құрамына кіретін Астана қаласының спортшыларына, сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларға ай сайынғы ақпалай жабдықтық төлемдерінің мөлшері**

Р/с №	Спорттық іс-шараның атауы	Жүлделі орын	Жабдықтық мөлшері (АЕК)	Ескертпе
1	2	3	4	5
1.	Олимпиада, Паралимпиада және Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	500 АЕК	Төлемдер Олимпиадалық, Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық ойындарға дейін жүзеге асырылады (жазғы, қысқы).
		2-орын	400 АЕК	
		3-орын	300 АЕК	
		4-орын	200 АЕК	
		5-орын	100 АЕК	
		6-орын	50 АЕК	
2.	Жасөспірімдер Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	130 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Жасөспірімдер Олимпиадалық ойындарына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	120 АЕК	
		3-орын	110 АЕК	
Ж а б ы қ ғимараттардағы Азия ойындарын коспағанда Азия, Паралимпиада,	1-орын	150 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі А з и я , паралимпиадалық ж ә н е	
	2-орын	125 АЕК		
		100 АЕК		

3.	Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	3-орын		сурдлимпиадалық ойындарға дейін жүзеге асырылады.
4.	Жасөспірімдер Азия ойындары, Азия пара ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	80 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Жасөспірімдер Азия ойындарына, Азия пара ойындарға дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	70 АЕК	
		3-орын	60 АЕК	
5.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша Әлем чемпионаты (жазғы, қысқы)	1-орын	180 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем чемпионатына (жазғы, қысқы) дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	160 АЕК	
		3-орын	140 АЕК	
6.	(Әлем Кубогының кезеңдерінен басқа қысқы олимпиадалық спорт түрлері бойынша) Әлем кубогы	1-орын	200 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем кубогына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	150 АЕК	
		3-орын	100 АЕК	
7.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша Азия чемпионаты, Дүниежүзілік Универсиада (жазғы, қысқы)	1-орын	110 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі спорттың Азия чемпионаты дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	90 АЕК	
		3-орын	70 АЕК	
	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпиадалық	1-орын	110 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі
		2-орын	90 АЕК	
			70 АЕК	

8.	түрлері бойынша жастар арасында Әлем чемпионаты	3-орын		Әлем чемпионаты дейін жүзеге асырылады.
9.	Азия балалары, жастар арасында Азия чемпионаты	1-орын	90 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Азия чемпионаты дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	70 АЕК	
		3-орын	50 АЕК	
10.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша жастар арасындағы Әлем чемпионаты	1-орын	90 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
11.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша жастар арасындағы Азия чемпионаты	1-орын	70 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
12.	Спорттың Олимпиадалық, Паралимпидалық, Сурдлимпиадалық түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты мен Қазақстан Республикасының Спартакиадасы (жазғы, қысқы)	1-орын	85 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасы чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.
		2-орын	75 АЕК	
		3-орын	65 АЕК	
	Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша жастар арасындағы Жастар ойындары	1-орын	60 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасы
		2-орын	50 АЕК	
			40 АЕК	

13.	мен Қазақстан Республикасының чемпионаты	3-орын		чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.
14.	Тірек-қимыл аппараты, естуі мен көруі зақымдалған мүгедектігі бар ересек спортшылар арасындағы Қазақстан Республикасының Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындары, Қазақстан Республикасының чемпионаты	1-орын	85 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасы чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.
		2-орын	75 АЕК	
		3-орын	65 АЕК	
15.	Олимпиадалық емес және ұлттық, паралимпиадалық емес спорт түрлері бойынша ересектер арасындағы Қазақстан Республикасының чемпионаты, Олимпиадалық емес спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының спартакиадасы (жазғы, қысқы) (олимпиадалық емес және ұлттық түрлер бойынша кемінде 8 спортшы қатысқан, салмақ дәрежесі мен пәнге)	1-орын	70 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасы чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.
		2-орын	60 АЕК	
	Ересектер арасындағы ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша Азия чемпионаты (олимпиадалық емес түрлер бойынша кемінде 12 спортшы қатысқан, салмақ дәрежесі мен пәнге)	1-орын	80 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Азия чемпионатына
		2-орын	70 АЕК	
			50 АЕК	

16.	кемінде 5 ел қатысуы тиіс)	3-орын		дейін жүзеге асырылады.
17	Ересектер арасындағы ұлттық спорт және олимпиадалық емес, паралимпидалық емес спорт түрлері бойынша Әлем чемпионаты (олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша кемінде 12 спортшы қатысқан, салмақ дәрежесі мен спорт саласынан кемінде 10 ел қатысуы тиіс)	1-орын	100 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Әлем чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	90 АЕК	
		3-орын	70 АЕК	
18.	Ұлттық және олимпиадалық емес спорт түрлері бойынша жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты (кемінде 8 спортшы қатысқан, салмақ дәрежесі мен пәнге)	1-орын	35 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасы чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.
19	Дүниежүзілік көшпенділер ойындары	1-орын	150 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Дүниежүзілік Көшпенділер ойындарына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	125 АЕК	
		3-орын	100 АЕК	
20	Паралимпиада және сурдлимпиада спорт түрлері бойынша жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты (кемінде 8 спортшы қатысқан, салмақ дәрежесі мен пәнге)	1-орын	35 АЕК	Төлемдер спортшы спорттық дайындықты жалғастырған жағдайда келесі Қазақстан Республикасының чемпионатына дейін (1 жыл) жүзеге асырылады.

**Олимпиадалық спорт түрлерінен Қазақстан Республикасының құрама командаларына кіретін Астана қаласының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалары) спортшыларының жаттықтырушыларына сондай-ақ Астана қаласында спорттың ойналатын түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (ұлттық құрама командалардың) құрамдарында қатысатын спортшыларының жаттықтырушыларына және клубтық командалардың жетекшілеріне ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерінің мөлшері**

Р/с №	Спорттық іс-шараның атауы	Жұлделі орын	Жабдықтылым мөлшері (АЕК)	Ескертпе
1.	Ересектер арасындағы Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	120 АЕК	Төлемдер келесі Олимпиадалық, Паралимпиадалық және Сурдлимпиадалық ойындарға дейін жүзеге асырылады (жазғы, қысқы).
		2-орын	100 АЕК	
		3-орын	80 АЕК	
2.	Жасөспірімдер Олимпиада ойындары (жазғы, қысқы)	1-орын	100 АЕК	Төлемдер келесі Жасөспірімдер Азия ойындарына, Параазиялық ойындарға дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	80 АЕК	
		3-орын	60 АЕК	
3.	Ересектер арасындағы Әлем чемпионаты, Азия ойындары	1-орын	80 АЕК	Төлемдер келесі Әлем чемпионатына, Азия ойындарына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	70 АЕК	
		3-орын	60 АЕК	
4.	Ересектер арасындағы Дүниежүзілік универсиада, Азия чемпионаты	1-орын	60 АЕК	Төлемдер келесі Дүниежүзілік Универсиадаға, Азия чемпионатына дейін жүзеге асырылады.
		2-орын	50 АЕК	
		3-орын	40 АЕК	